

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық
кеңесінің шешімімен

(2003 жылдың 19 қарашасындағы
№ 28 хаттама)

Бекітілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ аффилиирленген тұлғалар тізілімін жүргізу ЕРЕЖЕЛЕРІ

*(Осы тақырыптама Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен
өзгертілген)*

Алматы қ.

2003

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2003 жылдың 30 желтоқсанындағы №35 хаттама);
- 2004 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы № 1 (з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 67 бабындағы талаптарды орындау мақсатында жасалды және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) афилиирленген тұлғалар тізілімін жүргізудің шарттары мен тәртібін және аталмыш тұлғалардың Биржа алдындағы ақпаратты ашу бойынша міндеттерін анықтайды (*осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді*).

1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бап. Негізгі түсініктер

1. Осы Ережелерде "афилиирленген тұлға", "лауазымды тұлға" және "ірі акционер" ұғымдары Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы "Акционерлік қоғамдар туралы" заңында анықталғандай қолданылады.
2. Осы Ережелерде қолданылатын басқа ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"еншілес ұйым"** – Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 27 желтоқсанындағы Азаматтық Кодексінің (Жалпы бөлімі) 1 бабы 94 тармағында анықталғандай;
 - 2) **"тәуелді акционерлік қоғам"** – Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 27 желтоқсанындағы Азаматтық Кодексінің (Жалпы бөлімі) 1 бабы 95 тармағында анықталғандай;
 - 3) **"Тізілім"** – Биржаның афилиирленген тұлғалар тізілімі.
3. Осы Ережелер мақсаттары үшін заңды тұлғаны бақылау деп:
 - 1) аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлға мәртебесіне ие болу;
 - 2) аталмыш заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызынан астамына (жарғылық капиталдағы үлесі) тікелей немесе жанама түрде иелік ету күшіне қарай заңды тұлғаның қабылдайтын шешімдерін анықтау мүмкіндігін түсінеміз.

2 бап. Биржаға афилиирлену деңгейлері

1. Биржаға афилиирленген тұлғалар өзара құқықтық байланыс тізбегіндегі аталмыш афилиирленген тұлғалар мен Биржа арасындағы тұлғалардың бар-жоғына және санына қарай афилиирлеу деңгейі бойынша бөлінеді.
2. Биржа Тізілімді афилиирлеу деңгейі бойынша жүргізеді.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Биржаның құқықтық жағдайының ерекшелігіне орай, Биржа заңды тұлғалардың ешқайсысының еншілес ұйымы немесе тәуелді акционерлік қоғамы бола алмайды.

3 бап. Биржаға афилиирленудің бірінші деңгейі

Биржаға бірінші деңгейдегі афилиирленген тұлғаларына келесі белгілер бойынша Биржаға афилиирленген тұлғалар жатады:

- 1) Биржаның ірі акционері (афилиирлену белгісінің коды – 1А);
- 2) Биржаның лауазымды тұлғасы (Биржалық кеңестің немесе Биржа Басқармасының мүшесі) (афилиирлену белгісінің коды – 2А);
- 3) ірі акционері Биржа болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлесіне (шаруашылық серіктестігіндегі жарғылық капиталындағы үлесі он пайыз және одан көп) Биржа ие болатын заңды тұлға (афилиирлену белгісінің коды – 3А);

- 4) Биржаның еншілес ұйымы болып табылатын немесе Биржаға қатысты тәуелді акционерлік қоғамы болып танылатын заңды тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 4А);
- 5) қолданыстағы келісім-шарт арқылы Биржамен байланысқан, осы келісім-шартқа сәйкес Биржа қабылдайтын шешімдерді анықтауға құқылы заңды тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 5А);
- 6) өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, Биржаның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызына иелік ететін, қолданатын, басқаратын заңды тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 6А);
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржаның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын және өзара құқықтық жағдайлары тізбегінде Биржа екеуінің арасында басқа тұлғалар қатыспайтын заңды тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 7А).

4 бап.

Биржаға аффилиирленудің екінші деңгейі

1. Биржаға ірі акционер арқылы аффилиирленген, Биржаға екінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы Биржаның аталмыш ірі акционерінің лауазымды тұлғасы болып табылады (аффилиирлену белгісінің коды – 1В).
2. Биржаның лауазымды тұлғасы арқылы оған аффилиирленген Биржаға екінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы:
 - 1) Биржаның аталмыш лауазымды тұлғасына жақын туыс (ата-ана, жары, ағасы, әпкесі, ұлы, қызы), сондай-ақ жақындық қатынасы бар (жарының ағасы, әпкесі, ата-анасы, ұлы немесе қызы) заңды тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 2В-1);
 - 2) Биржаның аталмыш лауазымды тұлғасы ірі акционері болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлесіне ие болуға құқылы заңды тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 2В-2);
 - 3) Биржаның лауазымды тұлғасы тарапынан бақыланатын заңды тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 2В-3);
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Биржаның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғасы болатын басқа тұлға (аффилиирлену белгісінің коды – 2В-4) болып табылады.
3. Ірі акционері Биржа болып табылатын немесе мүлігіндегі тиісті үлесіне Биржа иелік ететін заңды тұлға арқылы оған аффилиирленген Биржаның екінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылады (аффилиирлену белгісінің коды – 3В).
4. Биржаның еншілес ұйымы болып табылатын немесе Биржаға тәуелді акционерлік қоғамы деп танылған заңды тұлға арқылы оған аффилиирленген Биржаның екінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылады (аффилиирлену белгісінің коды – 4В).
5. Қолданыстағы келісім-шарт арқылы Биржамен байланысқан, осы келісім-шартқа сәйкес Биржа қабылдайтын шешімдерді анықтауға құқылы заңды тұлға арқылы оған аффилиирленген Биржаның екінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылады (аффилиирлену белгісінің коды – 5В).
6. Өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, Биржаның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызына иелік ететін, қолданатын, басқаратын заңды тұлға арқылы оған аффилиирленген Биржаның екінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылады (аффилиирлену белгісінің коды – 6В).

7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржаға афилиирленген тұлғасы болып табылатын және өзара құқықтық жағдайлары тізбегінде Биржа екеуінің арасында басқа тұлғалар қатыспайтын заңды тұлға арқылы оған афилиирленген Биржаның екінші деңгейдегі афилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылады (афилиирлену белгісінің коды – 7B).

5 бап.

Биржаға афилиирленудің үшінші деңгейі

1. Биржаға ірі акционер арқылы афилиирленген, оның үшінші деңгейдегі афилиирленген тұлғасы Биржаның аталмыш ірі акционері лауазымды тұлғасына жақын туыс болып келетін немесе туыстық жақындығы бар заңды тұлғасы болып табылады (афилиирлену белгісінің коды – 1C).
2. Биржаға лауазымды тұлға арқылы афилиирленген, оның үшінші деңгейінің афилиирленген тұлғасы:
 - 1) Биржаның аталмыш лауазымды тұлғасына жақын туыс болып келетін немесе жақынды қатынасы бар заңды тұлғасы тарапынан бақыланатын заңды тұлға (афилиирлену белгісінің коды – 2C-1);
 - 2) Ірі акционері Биржаның аталмыш лауазымды тұлғасы болып табылатын немесе мүлігіндегі тиісті үлесіне ие болатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы (афилиирлену белгісінің коды – 2C - 2);
 - 3) Биржаның аталмыш лауазымды тұлғасы тарапынан бақыланатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы (афилиирлену белгісінің коды – 2C -3);
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Биржаның лауазымды тұлғасының афилиирленген тұлғасы болып табылатын басқа заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы (афилиирлену белгісінің коды – 2C -4).
3. Ірі акционері Биржа болып табылатын немесе мүлігіндегі тиісті үлесіне Биржа иелік ететін заңды тұлға арқылы оған афилиирленген Биржаның үшінші деңгейдегі афилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасына жақын туыс болып келетін немесе жақындық қатынасы бар жеке тұлға болып табылады (афилиирлену белгісінің коды – 3C).
4. Биржаның еншілес ұйымы болып табылатын немесе Биржаға тәуелді акционерлік қоғамы деп танылған заңды тұлға арқылы оған афилиирленген Биржаның үшінші деңгейдегі афилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасына жақын туыс болып келетін немесе жақындық қатынасы бар жеке тұлға болып табылады (афилиирлену белгісінің коды – 4C).
5. Қолданыстағы келісім-шарт арқылы Биржамен байланысқан, осы келісім-шартқа сәйкес Биржа қабылдайтын шешімдерді анықтауға құқылы заңды тұлға арқылы оған афилиирленген Биржаның үшінші деңгейдегі афилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасына жақын туыс болып келетін немесе жақындық қатынасы бар жеке тұлға болып табылады (афилиирлену белгісінің коды – 5C).
6. Өзінің афилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, Биржаның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызына иелік ететін, қолданатын, басқаратын заңды тұлға арқылы оған афилиирленген Биржаға үшінші деңгейдегі афилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасына жақын туыс болып келетін немесе жақындық қатынасы бар жеке тұлға болып табылады (афилиирлену белгісінің коды – 6C).
7. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Биржаға афилиирленген тұлғасы болып табылатын және өзара құқықтық жағдайлары тізбегінде Биржа екеуінің арасында басқа тұлғалар

қатыспайтын заңды тұлға арқылы оған аффилиирленген Биржаның үшінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы аталмыш заңды тұлғаның лауазымды тұлғасына жақын туыс болып келетін немесе жақындық қатынасы бар жеке тұлға болып табылады (аффилиирлену белгісінің коды – 7С).

6 бап. Биржаға аффилиирленген тұлғалар жайлы ақпаратты ашу

1. Биржаға аффилиирленген тұлғалар жайлы Тізілімдегі ақпарат қызметтік, коммерциялық және заңмен сақталатын басқа құпия болып табылатын ақпарат емес және, тиісінше, Биржа оны сұратқан кез келген мүдделі тұлғаға ұсынады.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Биржа бағалы қағаздар нарығын реттейтін және қадағалайтын мемлекеттік органға аталмыш Тізілімнен шыға отырып, құрылатын өзіне аффилиирленген тұлғалар тізімін ұсынады.

2 бөлім. ТІЗІЛІМДІ ЖҮРГІЗУ

7 бап. Тізілімге енгізілетін ақпарат

1. Биржаға аффилиирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлға жайлы мынандай ақпарат Тізілімге енгізіледі:
 - 1) аталмыш заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
 - 2) аталмыш заңды тұлғаның орналасқан жері (заңды мекен-жайы);
 - 3) аталмыш заңды тұлғаның нақты мекен-жайы (егер де ол аталмыш заңды тұлғаның заңды мекен-жайынан өзгеше болса);
 - 4) аталмыш заңды тұлғаның салық төлеуші ретіндегі тіркеу (сәйкестендіру) нөмірі;
 - 5) аффилиирлену белгісінің коды, осы код арқылы заңды тұлға Биржаға аффилиирленген болып табылады (танылады);
 - 6) аффилиирлену белгісі кодының пайда болу күні, осы код арқылы заңды тұлға Биржаға аффилиирленген болып табылады (танылады).
2. Биржаның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлға жайлы мынандай ақпарат Тізілімге енгізіледі:
 - 1) аталмыш заңды тұлғаның аты-жөні және бар болған жағдайда, тегі;
 - 1–1) аталмыш заңды тұлғаның туылған күні (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген*);
 - 1–2) егер аталмыш заңды тұлға Биржаның екінші немесе үшінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғасы болып табылса (танылса), оның Биржаның аффилиирленген тұлғасы болуына себепші болған заңды тұлғаға қатысты жақын туыстық немесе туыстық жақындығының сипаты (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген*);
 - 2) аталмыш заңды тұлғаның азаматтығы;
 - 3) аталмыш заңды тұлғаның тұратын жері (мемлекеті және тұрған жерінің атауы);
 - 4) аталмыш заңды тұлғаның жеке куәландырушы құжатының атауы, сериясы және нөмірі;
 - 5) аффилиирлену белгісінің коды, осы код арқылы заңды тұлға Биржаға аффилиирленген болып табылады (танылады);

- 6) афилирлену белгісі кодының пайда болу күні, осы код арқылы заңды тұлға Биржаға афилирленген болып табылады (танылады)¹.

8 бап. Ақпаратты ашу бойынша Биржаға афилирленген тұлғалардың міндеттемелері

1. Тізілім Биржаның өзінің афилирленген тұлғаларына ұсынған ақпаратының негізінде жасалады.
2. Биржаға бірінші деңгейдегі афилирленген тұлғалары Биржаға өздері жайлы және аталған афилирленген тұлғалар арқылы Биржаға екінші және үшінші деңгейдегі афилирленген тұлғалары болып табылатын (болатын) тұлғалар жайлы ақпаратты ашуға және Биржаға өздері жайында ақпаратты ашу қажеттілігі туралы соңғыларына хабарлауға міндетті.
3. Осы Ережелердің 1 (заңды тұлғалар үшін) және 2 (жеке тұлғалар үшін) Қосымшаларында келтірілген өтініштер формасы арқылы, осы мақаланың 2 тармақшасына сәйкес ақпаратты ашу жүзеге асырылады.
4. Осы Ережелердің 7 бабына сәйкес Тізілімге енгізілген ақпараттың өзгеруі немесе толықтырылуы жағдайында, бұл ақпаратты ұсынған Биржаның афилирленген тұлғасы Тізілімді жаңарту мақсатында мұндай өзгерту (толықтыру) жайлы туындаған күнінен бастап жеті күннің арасында Биржаға хабарлауы тиіс.
5. Биржаның афилирленген тұлғалары Биржа алдында өздері жайлы ақпаратты ашу бойынша міндеттерді орындамағаны, толық және уақытында орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

Президент

А.М. Жолдасбеков

¹ Егер аталмыш жеке тұлға Биржаға екінші немесе үшінші деңгейдегі афилирленген тұлға болып табылса (мойындалса), оның Биржаға афилирленген (мойындалған), афилирлену белгісінің пайда болу күні, өзі арқылы аталмыш жеке тұлғаны Биржаға афилирленген жеке тұлғаның Биржаға афилирленген, афилирлену белгісінің пайда болу күнімен бірдей болып келеді ([осы сілтеме Биржалық кеңестің 2003 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілді](#)).

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-на афилирленген тұлғалар тізілімін жүргізу Ережелеріне *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*

1 қосымша

(Осы қосымша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілді).

[фирмалық бланкіде]

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)

Ө Т І Н І Ш

[заңды тұлғаның мемлекеттік (қайта) тіркелуі туралы куәлігіне сәйкес оның толық атауы] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның афилирлену белгісі бойынша ["Қазақстан қор биржасы" АҚ-на афилирленген тұлғалар тізілімін жасау Ережелерінің 3-5 баптарына сәйкес афилирлену белгісінің коды] бірінші/екінші/үшінші [керек емесін сызып немесе алып тастаңыз] деңгейінің афилирленген тұлғасы болып табылатындығын хабарлаймыз және аталмыш заңды тұлға жайлы мынандай мәліметтерді келтіреміз *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*:

қысқартылған атауы:

орналасқан жері (заңды мекен-жайы):

нақты мекен-жайы¹:

салық төлеуші ретіндегі тіркеу
(сәйкестендіру) нөмірі:

афилирлену белгісінің
пайда болу күні:

Бұған қоса, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на афилирленген тұлғалар тізімін жүргізу Ережелеріне сәйкес, біз арқылы келесі тұлғалардың "Қазақстан қор биржасы" АҚ екінші және үшінші деңгейінің афилирленген тұлғалары болып табылатындығын хабарлаймыз² *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*:

¹ Нақты мекен-жайы заңды мекен-жайдан ерекшеленетін кезде толтырылады.

² Екінші және үшінші деңгейдегі әрбір афилирленген тұлға бойынша жеке-жеке ақпарат беріледі. Өтініш беруші өзі арқылы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на екінші және үшінші деңгейде афилирленген тұлғалар жайында ақпаратты, егер оның мұндай ақпаратты жасырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікті өз мойнына алу шартымен оған мұндай ақпарат қол жетімді болмаса, келтірмеуге құқылы *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*.

заңды тұлғалар

толық атауы:

қысқартылған атауы:

орналасқан жері (заңды мекен-жайы):

нақты мекен-жайы¹:

салық төлеуші ретіндегі тіркеу
(сәйкестендіру) нөмірі:

аффилиирлену белгісінің коды:

аффилиирлену белгісінің
пайда болу күні:

жеке тұлғалар

аты-жөні және, бар болған жағдайда, тегі:

туылған күні:

Өзі арқылы жеке тұлғаны "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на аффилиирленген жеке тұлғаға қатысты аталмыш жеке тұлғаның туыстық және жақындық қатынасының сипаты [\(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген\)](#)

азаматтығы:

тұратын жері³:

жеке куәлігінің атауы, сериясы
және нөмірі:

аффилиирлену белгісінің коды:

аффилиирлену белгісінің
пайда болу күні:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-на аффилиирленген тұлғалар тізімін жүргізу Ережелерімен танысқанымызды, олармен келісетінімізді және олардың шарттарын сақтайтынымызды хабарлаймыз. Сондай-ақ, біз қабылдаған міндеттемелерге, аталған Ережелерге кейіннен енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың бізге хабарланған немесе мұндай өзгертулер мен толықтыруларды алып кету жайлы бізге тиісте түрде хабарланғанымен, біз оларды алып кетпеген жағдайда да, аталмыш өзгертулер мен толықтырулар шарттарын сақтау жатады [\(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді\)](#).

"Қазақстан қор биржасы" АҚ алдында оған аффилиирленген тұлғасы ретінде өзіміз, сондай-ақ өзіміз арқылы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на екінші және үшінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғалары жайында ақпаратты ашу бойынша міндеттемелерді сақтамағанымыз, толық немесе уақытында сақтамағанымыз үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз [\(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді\)](#).

[лауазымы]

[қолы]

[аты-жөні]⁴

³ Тұратын мемлекеті мен жерінің атауы.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-на афилирленген тұлғалар тізілімін жүргізу Ережелеріне *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*

2 қосымша

(Осы қосымша Биржалық кеңестің 2003 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілді).

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)

ӨТІНІШ

[аты-жөні, бар болған жағдайда, тегі] "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның афилирлену белгісі бойынша ["Қазақстан қор биржасы" АҚ афилирленген тұлғалар тізілімін жасау Ережелерінің 3-5 баптарына сәйкес афилирлену белгісінің коды] бірінші/екінші/үшінші [керек емесін сызып немесе алып тастаңыз] деңгейінің афилирленген тұлғасы болып табылатындығымды хабарлаймын және өзім жайлы мынандай мәліметтерді келтіремін *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*:

туылған жылым:

Жеке тұлға арқылы "Қазақстан қор биржасы" АҚ афилирленген жеке тұлғасы болып табыламын (мойындаймын), осы жеке тұлғаға қатысты өзімнің туыстық және жақындық қатынасымның сипаты *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*

азаматтығым:

тұратын жерім⁴:

жеке куәлігімнің атауы, сериясы және нөмірі:

афилирлену белгісінің пайда болу күні:

Бұған қоса, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на афилирленген тұлғалар тізімін жүргізу Ережелеріне сәйкес, мен арқылы келесі тұлғалардың "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на екінші және үшінші деңгейде афилирленген тұлғалары болып табылатындығын хабарлаймын² *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*:

⁴ Өтініш беруші атынан бірінші қол қою құқығына ие болған тұлғаның лауазымының атауы, қолы, аты-жөні.

заңды тұлғалар

толық атауы:

қысқартылған атауы:

орналасқан жері (заңды мекен-жайы):

нақты мекен-жайы¹:

салық төлеуші ретіндегі тіркеу
(сәйкестендіру) нөмірі:

аффилиирлену белгісінің коды:

аффилиирлену белгісінің
пайда болу күні:

жеке тұлғалар

аты-жөні және, бар болған жағдайда, тегі:

туылған күні:

Өзі арқылы жеке тұлғаны "Қазақстан қор биржасы" АҚ аффилиирлеген жеке тұлғаға қатысты аталмыш жеке тұлғаның туыстық және жақындық қатынасының сипаты
(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

азаматтығы:

тұратын жері³:

жеке куәлігінің атауы, сериясы
және нөмірі:

аффилиирлену белгісінің коды:

аффилиирлену белгісінің
пайда болу күні:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-на аффилиирленген тұлғалар тізімін жүргізу Ережелерімен танысқанымды, олармен келісетінімді және олардың шарттарын сақтайтынымды хабарлаймын. Сондай-ақ, менің қабылдаған міндеттемелеріме, аталған Ережелерге кейіннен енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың маған хабарланған немесе мұндай өзгертулер мен толықтыруларды алып кету жайлы маған тиісте түрде хабарланғанымен, оларды алып кетпеген жағдайда да, аталмыш өзгертулер мен толықтырулар шарттарын сақтау жатады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ алдында оған аффилиирленген тұлғасы ретінде өзім, сондай-ақ өзім арқылы "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на екінші және үшінші деңгейдегі аффилиирленген тұлғалары жайында ақпаратты ашу бойынша міндеттемелерді сақтамағаным, толық немесе уақытында сақтамағаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікті өз мойныма аламын *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді)*.

[лауазымы]

[қолы]

[аты-жөні]